



SOROS.KZ



OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2018

ЗЕРТТЕУ

Гуманитарлық саладағы оқулықтарды мемлекеттік тілге аудару ісінің тиімділігін арттыру.

А. КӨШКЕНОВА

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен
"Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open
Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды.
Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын
білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқара-
сымен сәйкес келмеуі мүмкін.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
Қазақстанда гуманитарлық саладағы оқулықтарды аудару жобаларына шолу («Мәдени мұра», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», Қазақстан-Гете институты аударма жобасы)	3
I. Аударма ісін ұйымдастыру ашықтығы	4
II. Қаржы шығындарының тиімділігі	5
III. Оқулықтардың мазмұндық сапасын бағалау тетіктері	6
Қорытынды	7

ҚАЗАҚСТАНДА ГУМАНИТАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ АУДАРУ ЖОБАЛАРЫНА ШОЛУ

Қазақстанда мемлекеттік тілдегі гуманитарлық ілімді дамыту мәселесі мемлекеттік деңгейде көтерілгеніне он бес жылдан асты. «Мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің толымды қорын жасау», - деген міндет қойған Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2003 жылдың 16 сәуірінде.^[1]

Ол бұл ретте руханият пен білім беру салаларын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде бірқатар ауқымды жобалардың басын қосатын “Мәдени мұра” арнаулы орта мерзімді бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді ұсынды.

“Мәдени мұра”

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бірнеше кезеңмен жүзеге асырыла бастады: 2004-2006, 2007-2008, 2009-2011 жылдар. Оның бір аспектісі — тарих, философия, этнография, тіл, әдебиет, көркем өнер, музыка және т.б. ұлттық мәдени мұраны зерттеу жүйесін құру. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей және Өзбекстан, Армения, Құрама Штаттар және Батыс Еуропа елдеріне ғылыми зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Олардың қорытындысы бойынша ғылыми топтарда бұдан бұрын белгілі Қазақстанның сәулеті, этнографиясы, тарихы бойынша шамамен бес мың жазба және құжаттар алынды^[2].

Бағдарламаны жүзеге асыру жылдарында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге байланысты 537 кітап бір жарым миллионнан астам тиражбен шығарылды. Олардың арасында: «Бабалар сөзі», құрамына Еуропа, Америка, Австралия, Африка, Азия мемлекеттерінің әдеби шығармашылығы кіретін «Әлемдік әдебиет кітапханасы», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасы», «Әлемдік мәдениеттанушылық ойлар», «Экономикалық классика», «Әлемдік философиялық мұра» сериялары кездеседі.^[3] «Әлемдік тарихи ой» қазақ тілінде 14 томда шықты.^[4] Бірақ бұл кітаптар қоғамда айрықша қозғау, қызығушылық тудырған жоқ.

Осы бағдарлама аясында 2007 жылы Мемлекет басшысына «Мәдени мұра» (www.madenimura.kz) веб-порталы^[5] таныстырылды. Бұл веб-жоба - «Мәдениет және ақпарат министрлігінің пікірінше, еліміздің мәдени қазынасына қол жеткізетін табысты ақпараттық ресурс», әрі «әлемдік классикалық әдебиетті онлайн режимде оқуға мүмкіндік береді» деп көрсетілген.^[6] Бірақ дәл қазіргі уақытта бұл сайт жұмыс істемейді, оны сайттардың рейтингісі көрсетілген www.zero.kz сайтынан да тексеруге болады.

“Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық”

“Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасы - “Рухани жағыру” мемлекеттік бағдарламасының құрамдас бөлігі. Бұл жоба туралы алғаш Қазақстан Президентінің “Болашаққа бағдар: Рухани жағыру” атты мақаласында берілген.^[7]

Онда мынандай мақсаттар көрсетілген:

- Тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдай жасау.
- Алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасау. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастау.

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2003 жылғы 16 сәуір. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2003-zhylyhy-16-sauir-n

² https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D3%99%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D0%B8_%D0%BC%D2%B1%D1%80%D0%B0

³ http://e-history.kz/kz/contents/view/izdanie_knig_v_ramkah_gosudarstvennoy_programmy_kulturnoe_nasledie__1112

⁴ <http://tarih-begalinka.kz/ru/history/independent/history/page3395/>

⁵ <http://www.akorda.kz/ru/special/events/v-akorde-pod-predsedatelstvom-glavy-gosudarstva-nursultana-nazarbaeva-proshlo-zasedanie-obshchestvennogo-soveta-po-realizacii-programmy-mede>

⁶ <https://www.nitec.kz/index.php/kz/post/veb-portal-mdeni-mra>.

⁷ http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

«Ол үшін **қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде** мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру керек. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарға кірісе бергені жөн», - деп жазылған бағдарламалық мақалада.

«Мемлекет басшысының осы тапсырмасы негізінде үкіметтік емес және коммерциялық мүддесі жоқ «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры құрылды. Оның міндеті елдегі барлық жоғары оқу орындарын, тиісті ғылыми орталықтарды, ғылыми аудармаға үлес қоса алатын ортаның басын қосып, осы жұмысты ұйымдастыратын ортақ платформа қызметін атқару», - деп көрсетті өз жауабында «Ұлттық аударма бюросы». Бұл бюро WikiBilim қоры негізінде құрылған. Оның жобаларына бұрынғы премьер-министр, қазіргі ҰҚК төрағасы Кәрім Мәсімов қолдау көрсеткен.^[8] Қор мәдениет және білім беру саласында "Сандық Қазақстан" бастамасы аясында бірнеше жобаларды жүзеге асырған, солардың қатарында "Қазақша Уикипедия", "Қазақстанның ашық кітапханасы", "Қазақ тілінің әмбебап сөздігі", "Қазақ әдебиетінің аудиохрестоматиясы", "Google аудармашы қызметіне қазақ тілін қосу" жобалары бар. Бірақ қандай заңдық құжаттар мен механизмдер бойынша дәл осы ұйымның негізінде Ұлттық бюроның құрылғандығының себептері көрсетілмеген.

Мемлекеттік емес жобалар: Қазақстан Гете-Институты жобасы

Германияның мәдениет институты әлемнің 180 астам елінде, соның ішінде екі мемлекет арасындағы мәдени байланысты нығайту бойынша келісім-шарт негізінде (1994) Қазақстанда жұмыс істейді. Мәдениет ағартушылық бағыттарының бірі – жергілікті кітапханалармен жұмыс. Қазіргі таңда Қазақстан, Қырғызстан және Түркіменстанның 18 кітапханасымен тұрақты байланыс орнатылып, әр жылдың басында қандай әдебиет қажет екендігі туралы сұраныстар жасалады. Гете институты Ақпараттық орталық/ Кітапхана меңгерушісі Шолпан Қысайбаева соларды ескере отырып, соңғы бес жылда неміс тілінен алты кітап қазақ тіліне аударылғанын хабарлады .

Сондай-ақ, неміс тіліне Илияс Жансүгіровтің «Құлагер», Абайдың «Ескендір» поэмасын және заманауи қазақ жазушыларының шығармаларын аударған.

АУДАРМА ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ АШЫҚТЫҒЫ

Мемлекеттік жобаларды басқаруда оның әкімшілік үдерістердің ашықтығы мен тиімділігі - маңызды факторлардың бірі.

“Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасы

Ұлттық аударма бюросы мәліметтерінде бұл жоба ауқымында 200-ден аса адам жұмылдырылған, соның шамамен төрттен бірі “Ұлттық аударма бюросының” - штаттық қызметкерлері. Қалған бөлігі негізінен оқу орындары мен ғылыми орталықтардан тартылған штаттан тыс мамандар деп көрсетілген. Ресми сайттарында көрсетілген деректерге қарағанда^[9] бір оқулыққа 2-ден 22-ге дейін қызметкер жұмылдырылған, аудармашыдан өзге ғылыми редактор, әдеби редактор, шығарушы редактор, корректор, беттеуші, дизайнер секілді мамандардың қызметтері қарастырылған.

Жобаны жүзеге асыруға персонал қалай іріктеледі (егер конкурс болса, ол қалай жүзеге асады) деген сауал бойынша мынандай жауап берілді: «Аударма, ғылыми және әдеби редакцияға қажетті мамандарды негізінен оқу орындарынан шақырамыз. Әуелі тиісті факультет, кафедраларда аударылатын оқулықтарды таныстырамыз. Жұмысқа қызыққан мамандарға 2-3 бетін аудартып, оны мұқият қараймыз. Мәтін сапасы көңілімізден шақса, ұсыныс жасаймыз. Маманның тәжірибесі, ғылыми дәрежесі мен атағы, ғылыми ортадағы беделі де ескеріледі».

⁸ WikiBilim

https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B0%D1%81%D0%B8%D0%BC%D0%BE%D0%B2_%D0%9A%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%BC_%D0%9A%D0%B0%D0%B6%D0%B8%D0%BC%D0%BA%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D1%87

⁹ www.100kitap.kz/kz/translators

Олар мұндай тәжірибеге келмес бұрын «ғылыми аударма, соның ішінде жоғары оқу орындарына арналған оқулық аударумен айналысатын ірі шетелдік аударма және баспа ұйымдарының тәжірибесін зерттегендерін» айтады. Соның негізінде аударманың реті, аудармашыларға қойылатын талаптар, редакциялық ұстанымдар мен аударма қағидалары жасақталыпты. Бірақ бұл құжаттарды ресми сайттан таба алмадық.

Мемлекеттік емес жобалар: Қазақстан Гёте-Институты жобасы

Институт аударма бойынша кітапханалардан сұраныс анықталғаннан кейін неміс тілінен қазақ тіліне аударатын мамандар іздеп, ең алдымен оларды даярлау ісін қолға алған. Соңғы жеті жылда неміс тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен неміс тіліне аударатын аудармашылар біліктілігін арттыру семинарлары өткізіледі. «Қазақстанда неміс тілі аудармашыларын даярлайтын оқу орны, курстар жоқ. Сондықтан олардың әлеуетін арттыру жолдарын қарастырдық», - дейді Шолпан Қызайбаева.

Қазіргі таңда институтпен тығыз жұмыс істейтін 5-6 аудармашыдан тұратын пул қалыптасқан. Жылына бір рет оларды жинап, ортақ кездесулер өткізеді. Оларға алдын ала тапсырма беріліп, олар бір-бірінің аудармасын талдайды. Мысалы, «Құлагер» поэмасын (2016) неміс тіліне үш аудармашы аударған, одан кейін үш мәрте талқыланған. Аня Туккерманның «Маған әже керек» романын аударуға 3 ай кетіп, жарты жылда жарыққа шыққан.

Институтта аударма жобасымен айналысатын арнайы штат қарастырылмаған. Егер институт тарапынан сұраныс болған жағдайда ғана аудармашылар еңбегі төленеді. Көп жағдайда институт өз бетінше аударма жасайтын аудармашыларға қолдау көрсетіп, олардың кітаптарын басып шығаруда дәнекер қызметін атқарады. Олар тек әдеби редактор және аудармашымен жұмыс істейді.

«Мәдени мұра» бағдарламасы ауқымындағы аудармашылар жұмысы бойынша Мәдениет және спорт министрлігіне сауал жіберілгенімен, олар мұндай ақпарат бойынша басқа министрліктерге хабарласуымызды өтінді.

ҚАРЖЫ ШЫҒЫНДАРЫ ТИІМДІЛІГІ

Жоба менеджментіндегі осал тұс – жобалардың 80-90 пайызы бюджет пен мерзімді асырып жіберу екенін Д. Ловалло, Д. Кахнеман, Б. Флайвбджерг, Н. Бразилиус, А. Шенхар және Д. Двир сияқты зерттеушілер жазады. Олардың пайымдауынша, жобалардың бюджетті асыру көлемі 28 – 60%, ал мерзімді ұзартуы - 70%^[10].

«Мәдени мұра»

Мемлекеттік бюджеттен мәдени мұраны жүйелендіруге, сақтауға және дамытуға бірінші кезеңінде 2,7 млрд теңге, екінші кезеңінде – 4 млрд аса, үшіншіге – 5 млрд аса қаражат бөлінді^[11]. Олардың қандай баптар бойынша жұмсалғандығы туралы мәлімет табылмады.

Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасы

ҚР Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік сатып алудың 2018 жылғы жоспарында 2 млрд теңгеден астам қаржыны 100 оқулық бойынша аударма қызметіне, оған қоса қосымша баппен 30 шетел оқулығын мемлекеттік тілге аударуға 90 млн жуық ақша бағыттау жоспарланған. 2017 жылғы мемлекеттік сатып алу жоспарында 100 оқулық жобасы ауқымында 18 оқулықты қазақ тіліне аударуға 355 млн артық қаржы аудару қарастырылған.^[12]

Ұлттық бюроның берген мәліметтеріне сүйенсек, 2017 жылы қаражат 17 оқулықтың авторлық құқықтарын сатып алуға, оларды аударып, баспаға дайындауға, әрқайсысын 10 мың данамен басып

¹⁰ И.И. Кузнецов Критерии и факторы успешности проектов, (<https://www.hse.ru/pubs/share/direct/document/188155116>)

¹¹ М.С. Қараманова (Қорқыт Ата атындағы ҚҒУ), Қазақстанның «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы: оның жүзеге асыру кезеңдері мен мағынасы, (<http://e-history.kz/kz/contents/view/1568>).

¹² Білім және ғылым министрлігінің сайты, http://www.edu.gov.kz/ru/deyatelnost/detail.php?ELEMENT_ID=513

шығарып, оқу орындарына таратуға бөлінген. Әр оқулықты аудару құны бет санына және мазмұнына қарай 5-тен 10 млн теңгеге дейін барады.

Оқулықты аудару, басу, тарату құны нарықта қалыптасқан баға негізінде құралады деп есептейді аударма бюросы. Мәселен, 1800 белгіден тұратын бір бетті қазақ тіліне аудару құны 3 мың теңге, бір бетті ғылыми тұрғыдан редакциялау құны 1500 теңге, әдеби редакцияға тағы 1500 теңге қарастырылған. Оқулықты беттеу, дизайнын жасау секілді жұмысқа бетіне 1000 теңге салынған. «Алайда, кейде оқулықтың мазмұны мен ондағы көрнекіліктердің күрделі болуына байланысты аударма мен баспаға дайындау құны ұлғаюы мүмкін. Мәселен, оқулықтарда авторлық сурет, кесте, графиктер сияқты көрнекіліктер болады, көп жағдайда олар жекелеген авторлардың меншігі болып келеді. Олармен жеке-жеке келісу қажет», - дейді Бюро қызметкерлері. Оған қоса қомақты қаржы авторлық құқықты сатып алуға жұмсалады. Бюро: «Кейбір авторлар шартты түрде аз ғана ақы сұрауы мүмкін, енді біреулері кітабының тек электронды нұсқасына 100 мың доллар сұрайды. Бұлар - негізінен Кембридж, Оксфорд, Гарвард секілді университеттердің профессорлары мен олардың атынан келіссөз жүргізетін Cengage, McMillan, Penguin секілді ірі баспа үйлері. Авторлық шарттың талаптарына сай олардың ақысын жариялауға болмайтынын» жеткізді.

Бұдан өзге оқулықтарды басып шығару шығыны бар. Биыл жарық көрген 18 кітапты «Дәуір» полиграфия-баспа кешені басып шығарған. Оның атқарушы директоры Есет Қожамұратов «осындай ауқымды жобаны сеніп тапсырғаны үшін «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ-на алғысын білдірген».^[13]

«Баспахана қалай таңдап алынды?» - деген сұраққа Бюро: «Кітапты басу туралы ұсынысты еліміздегі барлық ірі баспаханаларға жолдадық, соның ішінде “Дәуір” баспасы ең төмен баға берді. Сол баспамен жұмыс істеуге келістік», - деп жауап берді. Олардың айтуынша, «баспа сапасына ең жоғары халықаралық талаптар қойылды. Кітаптың түптелуі, мұқабасының түр-түсі, қағазының сапасы, тіпті тігілетін жібiнiң түсі анықталды».

«Баспа ісінде басылатын кітап саны неғұрлым көп болса, әр данаға шаққандағы кітап құны соғұрлым төмен болады. 10 мың дана тираж айтарлықтай үлкен, сондықтан әр кітапқа шаққандағы бағасын барынша төмендетуге тырыстық. Жоба аясында алғаш басылып таратылған 17 атау оқулықтардың әрқайсысын басу құны шамамен 1 200 теңге болды», - деп хабарлады Бюро өкілдері.

Мемлекеттік емес жобалар: Қазақстан Гёте-Институты жобасы

Гете институты аудармалар жасауда екі мәселеге көбірек мән береді: аудармашылар біліктілігін жоғарылату мен мәтіндер сапасын арттыру. Сондықтан, олар қаржыны ұзақ мерзімді мақсаттарға - аудармашыларды баулу, даярлау ісіне жұмсайды. Ал «кітаптың өзіне ақша бөлмейміз. Кітапты басып шығармаймыз», - дейді институт қызметкерлері. Оның орнына олар аудармашылардың тегін семинарларға қатысуына, Германияда тәжірибеден өтуіне көмектеседі. Германия мен Ресей арасында жұмыс істейтін аудармашыларды алып келіп, олар қазақстандық аудармашылармен жұмыс істеген.

Соның нәтижесінде кейбір аудармашылар өздері қызығушылық танытып, кітаптарды тегін аударды. Мысалы, сыншылар жоғары баға берген А.Туккерманның «Маған әже керек» шығармасын аудармашы өзі аударған.^[14] «Егер біздің ұсынысымызбен болса, аударманың бір бетіне 10 евро төлейміз», - Шолпан Қызылбаева.

Сонымен қатар кітаптарды баспаханалар тегін шығарып, әдеби редакторлар, дизайнерлер қызметін де өздері қамтамасыз етеді. «Мысалы, «Атамұра» баспасы соңғы 4 кітапты өздері шығарып, әдеби редактура жасатты. 3 сигнал данасын әкеліп берді. Сосын біз келісім-шартқа отырдық», - дейді институт қызметкерлері. Кітаптарды әрі қарай баспахана өздері сатып, пайда көре алады. Ол үшін кітап қызық, мазмұны сапалы болуы керек. Одан кейін оның қағазы, мұқабасы, дизайнының сапалы болуына баспаханалар өздері мүдделі болады. «Өйткені, қағазы сапалы, жақсы безендірілген кітап көбірек

¹³ <https://100kitap.kz/ru/event/8>

¹⁴ <https://www.juldizdar.kz/2017/04/10/8667.html>

сатып алынады», - дейді Институт өкілі.

Институт баспаханаларды пайдалы әдебиеттерді жарыққа шығаруды ынтыландыру тәсілдерін де пайдаланады. Мысалы, баспа ісі, редактура, менеджмент бойынша баспагерлерге тегін семинарлар өткізіледі. Оған қоса әлеуметтік маңызы бар әдебиеттер шығару бойынша баспаханаларды арнайы грантқа ұсына алады. «Жылына 4 рет Мюнхенде бүкіл әлемнен түсетін аудармалар бойынша Жюри бас қосады. Сол жерде олар өздері шешеді: егер жарық көретін кітапты құнды деп тапса, тікелей баспаханаға олардың шотына басуға кеткен қаржыны жабатын ақшаны жібереді», - дейді Институт өкілі. Бұл тәжірибе 2018-2020 жылдарға әлеуметтік маңызды әдебиеттерді сатып алуға, басып шығаруға және таратуға бюджеттен 7,3 миллиард теңге бөлуді жоспарлаған Қазақстан үшін пайдалы болар еді.^[15]

ҚОРЫТЫНДЫ

Кітаптардың сапасын бағалау. Мемлекеттік бағдарламалар ауқымында жарық көрген оқулықтар сапасын бағалау күрделі. Сондықтан, алдымен бұл бағытта бағалау критерийлері мен механизмдері жасалуы тиіс. «Аударма – шығармашылық жұмыс болғаннан кейін, оның сапасын бағалау да оңай емес» екендігін Аударма бюросы қызметкерлері де мойындайды.

Олардың пікірінше, «аударма сапасына баға беретін – сол оқулықтарды пайдаланатын орта болу керек. Алғаш басылған 10 мың дана оқулық 110 университетке жетті, оқытушылар мен студенттер танысып жатыр. Оқулықтарды талқылауға арналған бірқатар жиындар өтті, алғашқы пікірлер жақсы».

Гете институты үшін мәтін сапасын бағалайтын комиссия – аудармашылар. Олардың тәсілдері бойынша, бір аудармашы аударғаннан кейін басқа 4-5 аудармашы және Гете институты қызметкері де сол шығарманың түпнұсқасын, содан кейін аудармасын оқып шығады. Содан кейін олар арнайы бірнеше мәрте жиналып, аударманы талқылайды. «Басқалар аудармашының қателерін болдыртпауға көмектеседі. Бізде сапа – бірінші орында», - дейді Гете институты мамандары.

Қазақстанда аударма сапасын бағалайтын тәуелсіз комиссия құрылып, олар мемлекет есебінен жарық көріп жатқан оқулықтар бойынша пікір алмасулар, қоғамдық талқылаулар өткізіп отырса, жобаның өміршеңдігі мен тиімділігін арттырар еді. Бұл ретте Қамқоршылар кеңесіне қоғамдық ұйым өкілдерінің көбірек қатыстырылуын қамтамасыз еткен жөн.

Жұмсалған ақшаның қайтарымы (кітаптарды тарату ісі). Мемлекеттік бағдарламалар ауқымында шығарылған кітаптар негізінен кітапханалар, университеттерге таратылады. Бұл кітаптар мемлекеттік қаржыға даярланып, шығарылатындықтан, олардың көбірек азаматтарға қол жетімді болуына жол ашу керек. Олардың кеңінен таралуы үшін жеке секторды (баспаханалар, кітап дүкендері) жұмылдырған жөн.

Мемлекеттік қызмет көрсетудегі конкурс. Аударма жұмысында көбірек аутсорсингке иек арту қаржы үнемдеуге жол ашады. Сондықтан, мамандарды іріктеуде, баспаханаларды таңдауда ашық конкурстарды міндетті түрде енгізу керек. Бұл тамыр-таныстық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алады.

Ұлттық кадрларды даярлау. Мамандар мемлекеттік тілге аудару ісінде ең алдымен ұлттық кадрларды даярлауға назар салынуы тиіс деп есептейді. Мамандар тапшылығын Ұлттық аударма бюросы да, Гете институты қызметкерлері де айтып отыр. «Мұндай аудармаға қажетті идеал маман - өзі оқулықтың мазмұнын терең түсінетін ғалым, әрі оқулықтың түпнұсқа тілін еркін меңгеріп, оны қазақ тілінде ұғынықты, жатық жеткізе алатын адам болуы қажет. Мұндай мамандар өте сирек кездеседі», - деп деп көрсетілген бюро мәліметінде.

Профессор филолог, аудармашы Берік Жылқыбаев аудармашыларды іріктеу мен іздеуге мән беру керек деп есептейді. Оның айтуынша, бір аудармаға жеке тұлғалар емес, аудармашылар командасы

¹⁵ <http://today.kz/news/kazakhstan/2018-02-15/760169-bolee-73-milliarda-tenge-potratyat-na-sotsialno-znachimuyu-literaturu-v-rk/>

жұмылдырылуы тиіс. Ол мұндай маңызды істе жеке адамдарға сенім артуға болмайды. Аударма сапасына кепілдік берілуі тиіс деп есептейді. Оған қоса профессор оқулық авторлары арасына зияткерлік байланыс орнатып, олар аудармашылармен пікір алмасып отыруы тиіс.^[16] 100 оқулық жобасына аудармашылар пулын жасақтау және оларды даярлау ісіне баса назар аударған жөн.

Сөздік- әдістемелік қордың жасақталуы. Аудармашы Рауза Мұсабаева қазіргі таңда аударма ісіндегі ең басты мәселе – сөздіктердің жетіспеушілігі екендігін алға тартады. Сондықтан, ғылыми түсініктер қалыптасып, лексика орнықпаған. Оның айтуынша, 1992 жылдан бері неміс-қазақ сөздіктері шықпаған. Бұл ағылшын-қазақ тілі аудармасы үшін де өзекті екенін айтады. Сөздіктердің даярлануы, оның ойынша, қазақ тілінің ғылыми, әдеби қорын жаңартуға, дамытуға үлес қосады. Аударма бюросы 100 кітап жобасы нәтижесінде ғылыми аударма әдістемесін дайындау, сөздіктер жасауды жоспарлауда.

¹⁶ <http://zanmedia.kz/2018/04/17/kak-obespechit-kachestvo-novyh-uchebnikov/>

